


<p>Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі: Мектеп: №88ЖББМ 5.4А-бөлім: Жобаны әзірлеу және қорғау</p>	
<p>Күні:</p>	<p>Мұғалімнің аты-жөні: Садыбекова Майра Серикбаевна</p>
<p>Сынып: 5</p>	<p>Қатысқандар саны: Қатыспағандар саны:</p>
<p>Сабақ тақырыбы</p>	<p>Басып шығаруға құжатты дайындау</p>
<p>Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)</p>	<p>5.2.2.2. Құжатты баспаға дайындау</p>
<p>Сабақ мақсаттары</p>	<p>Барлық оқушылар үшін Құжатты баспаға дайындайды парақ параметрін өзгертеді, бет параметрлерін қояды, алдын ала көру қажеттігін түсінеді, принтер түрлерін біледі, қолдана алады.</p>
	<p>Оқушылардың басым бөлігі Принтерлерді драйверлер арқылы жүктейді</p>
	<p>Кейбір оқушылар Ақпараттың таралып кетуінің мүмкін қауіптерін талдайды; құжаттарға құпия сөз орнатады;</p>
<p>Бағалау критерийлері</p>	<ul style="list-style-type: none"> • Құжат параметрлерін орнатады; • Алдын ала көреді және параметрлерді өзгертеді; • Заңсыз көшірудің салдарын талдайды; • Құжатқа құпия сөз орнату алгоритмін анықтайды;
<p>Тілдік мақсаттар</p>	<p>Пәнге тән лексика мен терминология: -алдын ала қарау, -печать командасы -бет белгісі -бет параметрлері -өрісті баптау -жиек -бағандар -бет белгісі -басып шығару -таңдамалы диапазонды басып шығару -қалыпты өріс -құпия сөз -барлық бетті басып шығару -қаріп өлшемі Құжат (документ, document), файл, копия, принтер, Ctrl+P, PrtSc пернесі</p>
<p>Пәнаралық байланыстар</p>	<p>Ағылшын, орыс тілі</p>

АКТ қолдану дағдылары	Интерактивті тақта, компьютер, интернет , презентация.
Бастапқы білім	Құпия сөз, құжаттың параметрлері, алдын ала қарау,

Сабақ барысы

Сабақтың жоспарланған кезеңдері	Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы 2 мин	<p>Ұйымдастыру кезеңі. Сәлемдесу. <i>Сынып оқушыларына жағымды психологиялық ахуал туғызу:</i></p>  <p><i>Бір-бірлеріңізге сын есімді сөздермен жағымды лебіздер айтыңыздар. Мысалы: Сен бүгін ажарлысың. Сен бүгін көңілдісің. Сен бүгін әдемісің</i></p>	Слайд 1
5 мин	<p>Сабақтың тақырыбын, мақсатын ашу үшін оқушыларға сабақты видео-файлды көрсетуден бастаймын. Оқушылармен талқыланатын сұрақтар: 1. Видеодан нені көрдіңіздер? 2. Электронды ақпараттарды қалай шығарамыз?</p> <p>Күтілетін нәтиже: оқушылар құжатты баспаға дайындау (парақ параметрін өзгерту, бет параметрлерін қою, алдын ала көру, және т.б.) қолдана білу қажеттігін түсінеді;</p>	<p>Сілтеме бойынша видео – файлды қарау: http://bilimland.kz/kk/home#lesson=16361</p>
3 мин	<p>Сабақтың тақырыбын ашу кезеңінде сын тұрғысынан ойлау дағдыларын дамыту мақсатында INSERT техникасын қолданамын. Оқушылар жұпта тақырыпты ашады, білімдерін тақырып бойынша жүйелейді. Оқушылар «Басып шығаруға құжатты дайындау» тақырыбы бойынша келесі сұрақтарға жауап береді:</p>	А4 қағазы

	<ul style="list-style-type: none"> • I – interactive Мен нені бұрын білдім? • N – nothing Мен нені білмедім? • S – system Мен нені жаңа ғана үйрендім? • E – effective Бұл қаншалықты тиімді? • R – reading Маған тағы қандай ақпарат қажет? • T – thinking Мен не туралы әлі ойлау керекпін? <p>Күтілетін нәтиже: Нәтежесінде оқушылар тақырып бойынша өзіне жоспар құрастырады.</p>	Слайд 3
3 мин	<p>«Пазл» стратегиясы. Мұғалім принтердің түрлерін ашық хатқа (топтар санына қарай) бөліктерге бөлемін. Оқушылар ашық хаттағы суреттің бөліктерін алады. Топтар дұрыс құрылған ашық хаттар бойынша біріктіріледі. Принтердің түріне қарай оқушыларды топтастыру. (Лазерлік принтер, принтер, сия бүріккіш принтер).</p>	Слайд 4
8 мин	<p>Мұғалімнің түсіндірмесі. Принтер-мәтіндік және графикалық ақпаратты қағаз түрінде шығару үшін арналған құрылғы.</p> <div style="text-align: center; border: 1px solid green; padding: 5px; margin: 10px auto; width: fit-content;"> Принтердің түрлері </div> <div style="display: flex; justify-content: space-around; margin: 10px auto;"> <div style="border: 1px solid purple; padding: 5px; margin: 5px;">Матрицалық</div> <div style="border: 1px solid purple; padding: 5px; margin: 5px;">Лазерлік</div> </div> <div style="text-align: center; margin: 10px auto; width: fit-content;"> <div style="border: 1px solid purple; padding: 5px; display: inline-block;">Сия бүріккіш</div> </div> <p>3топқа принтерлердің түрлері туралы мұғалімнің берген үлестірмелі қағазынан түсініп оқып, келесі топтарға түсіндіреді, топ ішінді талданады.</p> <p>1 топ: Матрицалық принтердің атқаратын қызметі мен ерекшеліктері.</p> <p>2 топ: Лазерлік принтерге сипаттама беріңіздер, қандай мүмкіншіліктері бар?</p> <p>3 топ: Сия бүріккіш принтері жайлы не білесіздер?</p>	Слайд 5


Сабақтың ортасы
8 мин

Оқулықпен жұмыс

Оқушыларға оқулықтағы(107-110беттер) ақпараттарды толық оқып шығады.

(Т) Талқылауға арналған сұрақтар:

- құжатты баспаға басу үшін қанша парақ керек;
- құжатты қалай өзгерту керек?
- Баспаға құжатты дайындау әрекеттерін жазыңыздар.



Күтілетін нәтиже: Оқушыларға «дұрыс» рәсімдеу тұрғысынан өңдеуді қажет ететін құжаттардың үлгілері талқылауға ұсынылады (парақтың шетінен мәтіннің шығып кетпеуін, және жетім жолдардың болуы т.б.) практикада қолданады.

Тақырыпты бекіту мақсатында оқушыларда топта келесі тапсырмаларды орындау ұсынылды.

А деңгейіндегі тапсырма

(Ө) Тапсырма №1.

Құжатты баспаға дайындау үшін төмендегі параметрлерді орнатыңыз:



5мин

Бағалау критерий	Дескриптер
Құжат параметрлерін орнатады Алдын ала көреді және параметрлерді өзгертеді	-құжат жиегінің өлшемдерін орнатады; - құжат бағытының типін белгілейді; - бет өлшемдерін орнатады; - құжатты алдын

<http://bilimland.kz/kk/home#lesson=16361>

5 мин

ала көру қызметін қолданады.

Б деңгейіндегі тапсырмалар

(Т) Тапсырма №2.

Келесі сұрақтарға жауап беріңіз:

- Бөгде жұмыстың заңды емес көшірмесін алуға мысал келтіріңіз.
- Бөгде жұмыстың заңсыз көшірмесін алудың куәсі болсаңыз, не істер едіңіз?
- Заңсыз көшірменің қандай салдары болуы мүмкін?

Бағалау критерий	Дескриптер
Заңсыз көшірудің салдарын талдайды	-заңсыз көшірме алуға мысал келтіреді; - заңсыз көшірмеге куә болған жағдайдағы әрекеттерін сипаттайды; - заңсыз көшірменің салдарын анықтайды.

С деңгейіндегі тапсырма

(Ж) Тапсырма №3.

1. Әр түрлі құжат түрлеріне құпия сөз орнатыңыз.
2. Құпия сөз орнату үдерісін сипаттаңыз.

Бағалау критерий	Дескриптер
Құжатқа құпия сөз орнату алгоритмін анықтайды	-құжаттарға құпия сөз орнатады; - құпия сөз орнатудың әрекеттер тізбегін жазады.

Қосымша тапсырма

Тапсырма №4

1. Қағаз форматтарының өлшемін анықтап, дәлелдеңіздер.



Бағалау критерий	Дескриптер
Қағаз форматтарының өлшемін анықтау	-қағаздың форматын өлшеп дәлелдеу; - А3,А5,А0 форматтарын түсіндіреді,сипатта йды

Сабактың соңы
7 мин

3 мин

«Кластер» тақырыпты жүйелеу тәсілі. Кластер — бұл ақпаратты графикалық түрде жинақтау формасы, бұл жерде кілттік идеялардың арасындағы байланыс схема түрінде көрсетіледі.

Оқушылар топтарға бөлініп, ақ қағазға « **Құжатты баспаға дайындау** » тақырыбы бойынша постер жасайды. Постерде төмендегі жағдайлар көрсетілуі тиіс

Бағалау критерийлер:

- ✚ -Құжатты баспаға дайындау (парақ параметрін өзгерту, бет параметрлерін қою, алдын ала көру, және т.б.);
- ✚ -ақпараттың таралып кетуінің мүмкін қауіптері;
- ✚ -құжаттарға құпия сөз орнату ұғымдары постерде көрсетілген.
- ✚ Принтерлерді драйверлер арқылы жүктейді

Үй тапсырмасы: Оқулықтан 111-беттегі практикалық тапсырманы оқушылар орындайды

Сабак соңында оқушылар рефлексия жүргізеді:

- нені білдім, нені үйрендім?
- нені толық түсінбедім ?
- немен жұмысты жалғастыру қажет?

Ақ қағаз мен түрлі түсті маркерлер

Саралау – оқушыларға қалай көбірек қолдау көрсетуді жоспарлайсыз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай міндет қоюды

Бағалау – оқушылардың материалды меңгеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлайсыз?

Денсаулық және қауіпсіздік техникасының сақталуы

жоспарлап отырсыз?		
<p><i>Саралау іріктелген тапсырмалар, нақты бір оқушыдан күтілетін нәтижелер, оқушыға дербес қолдау көрсету, оқу материалдары мен ресурстарын оқушылардың жеке қабілеттерін есепке ала отырып іріктеу (Гарднердің жиындық зият теориясы) түрінде болуы мүмкін.</i></p> <p><i>Саралау уақытты ұтымды пайдалануды есепке ала отырып, сабақтың кез-келген кезеңінде қолданыла алады</i></p>	<p>«Смайлик»; «Бас бармақ»;</p>	<p>Қауіпсіздік техникасы ережелері; Сергіту сәті;</p>
<p>Сабақ бойынша рефлексия</p> <p><i>Сабақ мақсаттары/оқу мақсаттары дұрыс қойылған ба? Оқушылардың барлығы ОМ қол жеткізді ме? Жеткізбесе, неліктен? Сабақта саралау дұрыс жүргізілді ме? Сабақтың уақыттық кезеңдері сақталды ма? Сабақ жоспарынан қандай ауытқулар болды, неліктен?</i></p>	<p><i>Бұл бөлімді сабақ туралы өз пікіріңізді білдіру үшін пайдаланыңыз. Өз сабағыңыз туралы сол жақ бағанда берілген сұрақтарға жауап беріңіз.</i></p>	

Жалпы баға

Сабақтың жақсы өткен екі аспектісі (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)?

1:

2:

Сабақты жақсартуға не ықпал ете алады (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)?

1:

2:

Сабақ барысында сынып туралы немесе жекелеген оқушылардың жетістік/қиындықтары туралы нені білдім, келесі сабақтарда неге көңіл бөлу қажет?